

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.II «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН-АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТ-БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 42

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

207 / 207-210

Автор(лар):

Бергенғалиева Айкөркем Русланқызы

Мақала атауы:

ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХИ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫ

ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХИ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Бергенғалиева Айкөркем Русланқызы

6B04202-Құқық қорғау қызметі білім бағдарламасының 3 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, заң магистрі - **Куккузова Э.И.**

Жедел-ізвестіру қызметі дегеніміз - ұйымдастырушылық, басқарушылық және жедел ізвестіру қызметінің ғылымға негізделген жүйесі болып табылады. Жедел-ізвестіру қызметін зерттеу, алғашқы да криминалистика ғылымының шеңберінде пайда болып осы ғалымдар жиынтығымен бірге дамыды. Жедел-ізвестіру қызметінде криминалистиканың әдістері мен құралдары қолдана бастады (сот фотографиясы, сөздік портрет, дактилоскопия, қарау, тінту, тергеу әрекеттерінің тактикалары және т.б.) Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы криминалистикадан басқа келесідей құқық ғылымдарымен тығыз байланысты: қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу құқығы, әкімшілік құқығы, конституциялық құқық, заңгерлік психология, сот медицинасы, сот психиатрасы және т.б.

I Петр 1711 жылы ұрлықпен күрес жүргізетін Фисскалколлегияны құрып, оның мүшелеріне құпия ақпаратты жинауға мүмкіндік береді. XIX ғасырда Батыс Европа мен АҚШ-та кең таралған қылмыстылықпен күрес жүргізуде полицияның арнайы мекемелерді құрыла бастады (Францияда - «Сюрте» Англияда - «Скотланд-ярд», АҚШ-та «Пинкертон агенттігі») олар қылмыскерлер жайында құпия мағлұматтарды алып, оның негізінде өз қызметтерін жүзеге асырып отырады. Жалпы қылмыстылықтың күшейіп, таптық күрестің шиеленісу нәтижесінде XIX ғасырдың II-ші жартысында мемлекеттік кәсіптік деңгейде өз жұмысын саяси және қылмыстық іздеу жүйесі басталды. Ішкі істер органдарында қылмыстылықпен күресуді жүргізетін ең алғашқы орган 1917 жылдың желтоқсан айынан 1918 жылдың маусымында РСФСР/дің бүкіл губернияларында өз қызметін жүзеге асыра бастады. 1918 жылдың 5-ші қазанында жұмысшы шаруа милицияның бас басқармасының аясында екі бөлімнен тұратын қылмыстық ізвестірудің «Центро розыск» Орталық басқармасы жұмыс істей бастады. Оның бір белсенді бөлігі анықтаумен айналысты, ал екінші бөлігі экономикалық құпия саласындағы қылмыстылықпен күрес жүргізумен айналысты. 1918-1920 жылдары жедел-ізвестіру қызметіне қызметкерлер дайындайтын алғашқы курстар мен мектептер ашыла бастады. Мысалы: «Оренбург милиция басшылар құрамына арналған мектеп» кейінгі уақытта осындай мектептер Алматыда, Қарағандыда, Шымкентте ашылды. Осы мектептерде жедел-ізвестіру қызметінің циклы немесе кафедралары Республиканың Ішкі істер министрлігінің барлық арнайы оқу мекемелерінде бар. 1920-шы жылдары жедел-ізвестіру қызметінің теориясы мен практикасында заңдылықты бұзумен байланысты күрделі қателіктермен деформациялар жіберілді. Ғалымдарға жедел-ізвестіру қызметінің проблемаларын шешу қиындыққа соқты, себебі осы теорияны зерттеуде көтермелер мен көрсеткен құпиялылығы болды. Ұлы Отан соғысынан кейін жедел-ізвестіру қызметін зерттеу жаңадан жаңартылды. Бұрыннан қалыптасып келе жатқан, жедел ізвестіру қызметінің қызметкерлерінің қаруы «қулық, ақша және лайықты жағдай» деген көзқарастың уақыты өтті. Жедел ізвестіру қызметкерінің қаруы оның ойлау қабілеті адамдармен тіл табыса білу және арнайы білімнің болуы қажет болатын.

Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметін құқықтық реттеу мақсатында 1994 жылы «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңы Қазақстан Республикасы Президентінің

қолы қойылып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қауылысымен осы күннен бастап күшіне енді. Бұл заң қабылданғанға дейін жедел-іздістіру қызметі тек ведомствалық, жарияланбайтын құпия нормативтік актілермен реттелетін. Заңның қабылдануына негізгі себептердің бірі - ол Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасы өзін құқықтық, демократиялық мемлекет» деп бекітуі. Осы Конституциялық принципке лайықты болу үшін және құқықтық мемлекетті құруы үшін «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңын қабылдау туралы мәселелер туындады [1].

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдары қандай міндеттерді атқарады деген сұраққа жауап берелік.

Жедел-іздістіру қызметі туралы ҚР Заңымен белгіленген міндеттерін орындау кезінде оны жүзеге асыруға уәкілдік берілген органдар:

а) жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін, меншікті, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, оның экономикалық және қорғаныс әлеуетін нығайту үшін өз құзыретіне сәйкес қажетті шараларды қолдануға;

б) жедел-іздістіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру арқылы қылмыстарды анықтауды, олардың алдын алуды және жолын кесуді, олардың нәтижелерін қылмыстық процесте пайдалану үшін тіркеуді қамтамасыз етуге, тергеушінің өзі тергейтін қылмыстық істер бойынша жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу туралы жазбаша тапсырмаларын орындауға;

б-1) прокурордың жедел-іздістіру қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру барысында берген жазбаша нұсқауларын орындауға;

б-2) қылмыстық іс бойынша жасырынған сотталушыны және азаматтық іс бойынша жауапкерді, атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерді, сондай-ақ жазасын өтеуден немесе пробациялық бақылаудан жалтарып жүрген адамды іздістіру туралы сот актілерін орындауға;

в) қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнгенін дәлелдейтін өздеріне белгілі болған жәйттер мен деректерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына дер кезінде хабарлауға;

г) құқықтық көмек туралы шарттар (келісімдер) негізінде тиісті халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының тілектерін орындауға;

д) жедел-іздістіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде, сондай-ақ жүргізілген жедел-іздістіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін көрсететін материалдарды қылмыстық процесте пайдалану үшін беру кезінде құпиялылықты қамтамасыз ету және ақпарат көздерінің құпиясын ашуға жол бермеу жөніндегі қажетті шараларды қолдануға міндетті [2].

Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңы Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асырылатын жедел-іздістіру қызметінің мазмұнын айқындайды және оны жүргізу кезінде заңды құқықтың кепілдіктер жүйесін баянды етеді.

Сонымен жоғарыда келтірілген тарихи шолу арқылы мынандай қорытындыларға келуге болады: қылмыстың болуы бұл қоғамға қарсы күрес жүргізуге арналған мемлекеттік органдарды құру қажеттігін туғызады.

Қылмыспен күрес жасырын тәсілдер мен жедел аппараттардың тәрбиелік қызметінің қалыптасқан нысаны болып саналады. Олар қылмыстың өзінің ерекшелігіне байланысты құқық қорғау тәжірбиесіне енгізілді [3].

Құқық қорғау органдарының жедел іздістіру қызметінің тарихы өткен кезеңде де, қазіргі уақытта да қылмыстылықтың ерешеліктері мен қоғамға қауіптілігі бейнеленіп көрсетіледі. Қылмыстылықтық сипатының өзгеруімен осы қызметтің бағыты да өзгеріп отырады.

Жедел-іздістіру қызметінің осы Заңмен белгіленген міндеттерін орындау кезінде оны жүзеге асыруға уәкілдік берілген органдар;

а) жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін, меншікті, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, оның экономикалық және қорғаныс әлуетін нығайту үшін өз құзыретіне сәйкес қажетті шараларды қолдануға;

б) жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру арқылы қылмыстарды анықтауды, олардың алдын алуды, оларды болдырмауды және ашуды, қылмыстық процесте пайдалану үшін олардың нәтижелерін орнықтыруды қамтамасыз етуге, өздері тергейтін қылмыстық істер бойынша жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы тергеушінің жазбаша тапсырмаларын орындауға;

б-1) прокурордың жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру барысында берген жазбаша нұсқауларын орындауға;

б-2) қылмыстық іс бойынша жасырынған сотталушыны және азаматтық іс бойынша жауапкерді, атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерді ізвестіру туралы сот актілерін орындауға;

в) қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнгенін дәлелдейтін өздеріне белгілі болған жәйттер мен деректерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына дер кезінде хабарлауға;

г) құқықтық көмек туралы шарттар (келісімдер) негізінде тиісті халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының тілектерін орындауға;

д) жедел-ізвестіру шараларын жүргізу кезінде, сондай-ақ қылмыстық процесте пайдалану үшін жүргізілген жедел-ізвестіру шараларының нәтижелерін бейнелейтін материалдарды беру кезінде асыратын жағдайда қамтамасыз ету және хабарлама көздері құпиясының ашылуына жол бермеу жөніндегі қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін орындау кезінде оны жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдардың:

1) өз құзыреті шегінде осы Заңның 11-бабында көрсетілген жедел-ізвестіру іс-шараларын жария және жасырын жүргізуге;

2) жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін жедел есепке алуларды және ақпараттық жүйелерді құруға және пайдалануға;

3) жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында жазбаша немесе ауызша шарт бойынша жеке және заңды тұлғалардың, әскери бөлімдердің тұрғын үй-жайлары мен тұрғын емес үй-жайларын, көлік құралдарын, сондай-ақ өзге де мүлкін, залал келтірілген жағдайда оны, сондай-ақ шығыстарды иелеріне жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар есебінен өтей отырып пайдалануға;

4) астыртын ұйымдар құру мақсатында жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қызметкерлерін, бөлімшелерінің, ұйымдарының, үй-жайлары мен көлік құралдарының ведомстволық бағыныстылығын, сондай-ақ құпия көмекшілердің жеке басын құпияландыратын құжаттарды пайдалануға;

5) қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнаулы таным-білімі бар лауазымды адамдар мен мамандардың көмегін пайдалануға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, басқа ұйымдардан жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар ақпаратты өтеусіз алуға және пайдалануға;

7) Қазақстан Республикасының аумағында жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар басқа да органдардың келісімі бойынша осы органдардың күші мен қаражатын жекелеген іс-шаралар жүргізуге тартуға;

8) осы Заңның 11-бабында көзделген жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу мақсатында ғана тәуліктің кез-келген уақытында ұйымдардың аумақтарына және үй-жайларына, ал әскери бөлімшелердің және басқа да режимдік объектілердің аумақтарына олардың басшыларының келісімі бойынша кедергісіз кіруге;

9) Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 130-бабында белгіленген тәртіппен жедел-іздігіру іс-шараларын жүргізудің нәтижелерін көрсететін материалдарды беруге құқығы бар.

Көптеген қылмыстардың анализі аса ауыр қылмыстардың алдын-ала дайындалып құпия түрде, ал қылмыскерлер өздерінің қылмыстық тәртібін жасырып жүретінін көрсетеді. Соңғы жылдары құқық қорғау органдарының қызметкерлері қылмыстық топты анықтау үшін қазіргі жаңа техникалық құралдары және бақылау құралдарын пайдалануда. Рецидивті қылмыстылықтың саны өсуде. Жалпы ауыр қылмыстардың мәнді өсуімен қылмыс өте жоғары дәрежеде сақталуда. Міне, осы қылмыспен күресу жариясыз күштерді, әдістер мен құралдарды қолдану қажеттігін негіздеді.

Құқыққорғау органдары жүйесінде құқыққорғау құрылымын қалыптастыру үшін тек қана мемлекет ішіндегі құқықтық тәртіп қана анықталып қоймайды, сонымен бірге мемлекеттің ішкі және сыртқы саяатындағы дамуының әлеуметтік-экономикалық қайта құрылуымен қарастырылатын болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жедел іздігіру тарихынан <https://stud.kz/referat/show/62368>. [Электрондық ресурс].
2. ҚР «Жедел іздігіру қызметі туралы» Заңы 1994ж (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 2004-2007ж) 7-бабы.
3. ҚР аумағында жүргізілетін жедел іздігіру шараларының маңыздылығы <https://stud.kz/referat/show/30533> [Электрондық ресурс].